

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп-қатерлерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар халықаралық аренада мемлекетіміздің жағымсыз келбетін қалыптастыра отырып, жүзеге асырылып жатқан маңызы зор экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларға залалын тигізері анық. Сыбайлас жемқорлықпен күрес — Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол, саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңында сыбайлас жемқорлыққа келесідей ұғым берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады¹.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Жаңғыртудың ең негізі мәселелерінің бірі — сыбайлас жемқорлықпен күрес. Бұл бағыттағы біздің жасаған әрекеттеріміз мемлекеттік аппараттағы жемқорлықтың деңгейін төмендетті. Оны халықаралық сарапшылар да атап өтті. Бізге сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа стратегиясын дайындау қажет. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ескерту үшін қоғамды, ақпараттық мүмкіндіктерді, жаңа құқықтық тетіктерді пайдалану керек. Басқа мемлекеттердің тәжірибесін зерделеу және пайдалану қажет», — деп атап өтті².

Осы бағыттағы жұмысты жетілдіру үшін шетел мемлекеттерінің тәжірибелерін зерттеп, талдау арқылы олардың тиімді жақтарын отандық практикада қолдану өзекті болып табылады.

Қазіргі қоғамда түрлі зерттеулер, мониторингтер және елдердегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының орын алу деңгейі бойынша саралаулар жүргізілуде. Олардың ішіндегі ерекше маңыздылары — Жемқорлықты Қабылдау Көрсеткіші, Пара Берушілер Көрсеткіші, Мемлекеттік Тазалықты Бағалау Жүйесі, Жаһандану Көрсеткіші.

Әлем елдеріндегі сыбайлас жемқорлық деңгейін анықтау барысында жүргізілетін түрлі зерттеулер ішінен, Трансперенси Интернэшнл ұйымының жүргізетін зерттеулері маңызды болып табылады.

Әрі қарай Сингапур, Малайзия, Финляндия, елдерінің сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарастары және онымен күресудегі тәжірибелеріне тоқтала кетейік. Себебі, Сингапур Азия өңіріндегі сыбайлас жемқорлық деңгейі өте төмен мемлекет болып есептеледі. Трансперенси Интернэшнл ұйымының 2012 жылғы деректеріне сүйенсек, Сингапур жемқорлық деңгейі бойынша 5 орында тұр. Ал Қазақстан бұл рейтингте 133 орында³. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барысындағы Сингапур секілді дамыған мемлекеттің табысты тәжірибесі біз үшін артық етпесі анық.

Бүгінде Сингапур сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендігі бойынша алдыңғы қатарлы елдермен бір деңгейде тұр. Сингапур өкіметі расында тиімді әрекет ететін және нәтиже берерліктей сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін құра білді. Мұнда жемқорлықпен күрес үздіксіз жұмыс істейді. Осыған дәлел ретінде мамандандырылған жемқорлықпен күрес органы — 1952 жылы құрылған Сыбайлас жемқорлық кезіндегі тергеу бюросын алуға

болады. Бюро мемлекеттік шенеуніктердің қызметін тексере отырып, орын алған қызмет өкілеттігін асыра сілтеу фактілерін тиісті органдарға тәртіптік жаза қолдану үшін хабарлап отырады. Сонымен бірге бюро сыбайлас жемқорлық орын алуы мүмкін мемлекеттік қызметтің осал жерлерін анықтау барысында қызмет атқарады. Егер де мемлекеттік басқару жүйесінде қандайда бір осалдықтар сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыруы мүмкін болса, сол бөлімнің басшысына тиісті шара қолдану үшін хабарланады.

Сингапурдың антикоррупциялық саясатының негізгі идеясы «тұлғаға сыбайлас жемқорлық әрекеттерді іске асыруға мүмкіндік беретін жағдайларды болдырмауға негізделеді». Бұл бірнеше антикоррупциялық қағидалардың есебінен жүзеге асырылады, мәселен:

- екі жақты қатаң шара қолдану: пара берушіге және пара алушыға;
- тексеріліп отыратын мемлекеттік лауазымды тұлғалардың меншігі, активтері бойынша есептілігі;
- саяси тұлғалардың моральдық беделін жоғарғы деңгейде сақтауға бағытталған қатаң жазалаушылық;
- сыбайлас жемқорлық оқиғаларын хабарлаушы, ақпар беруші тұлғалардың қауіпсіздігін қатаң сақтау;
- шенеуніктер арасында ротация жүргізу;
- әрбір 3-5 жыл сайын антикоррупциялық шаралардың мониторингін жүргізу.

Сингапурдың мемлекеттік қызметі меритократия, бейтараптық, қоғам алдындағы есеп берушілік қағидаларына негізделген. Халық тарапынан келіп түскен шағым міндетті түрде қаралады және әрбір Министрлікте қызмет сапасын арттырумен айналысатын бөлімдер жұмыс жасайды. Қызмет сапасын арттырудағы негізгі мақсаттардың бірі — келушілерге қызмет көрсетуді 15-20 минуттан артық күттірмеу. Ал, алғыр, қабілетті мемлекеттік қызметкерлерді дайындау барысында алдыңғы қатарлы, үздік оқушы жастарға үміт артып, оларға оқу процесі барысында қаржы жағынан жеңілдіктер беріліп, стипендиялармен қамтамасыз етіп отырған. Бірте-бірте Сингапурдың мемлекеттік қызметінде ең талантты және кәсіпқор қызметкерлер шоғырлана бастады. Сыбайлас жемқорлықпен күресудегі Сингапур мемлекетінің жетістіктері мен тәжірибелері жемқорлықты жеңуге болатындығының дәлелі.

Саясаттанушылар мен жемқорлыққа қарсы күрес саласы зерттеушілерінің пікірінше Малайзия мемлекетінің тәжірибесі Қазақстан үшін қолайлы болып келеді. Қазақстан мен Малайзия мемлекеттеріндегі мемлекеттік органдар саны, халқының саны, экономикасының көлемі жағынан шамамен тең. Сондай-ақ Малайзия да Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекет.

Малайзия 1957 жылы тәуелсіздік алғаннан бері аграрлық мемлекеттен халқының жағдайы күн санап жақсарып келе жатқан жоғарғы дәрежедегі мемлекетке айналды.

Малайзияның Сыбайлас Жемқорлыққа Қарсы Академиясы (МСЖҚА) Азиядағы осы бағыттағы алғашқы институт және Малайзияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Агенттігінің қызмет етуші бір тармағы болып есептеледі. МСЖҚА сыбайлас жемқорлықпен күресте мониторинг, тексерулер арқылы тиімді әрекеттерді қолданып, антикоррупциялық потенциалды көтеруге бағытталған аймақтық орталық болып табылады.

Малайзияның сыбайлас жемқорлықпен күрес кезінде қол жеткізген жетістіктері, қызмет етуші Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі мен оның бөлімдерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларына баса назар аударуында. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Академиясының 4 негізгі бағдарлама бойынша оқытып үйрететін жеке оқытушылық құрамы бар.

Малайзияда әкімшілік коррупция толығымен жойылған. Оның себебі, үш бағытта жүргізілген кешенді саясат:

- мемлекеттік қызметтің стандарттарын енгізу;
- әдептілік нормаларының мемлекеттік қызметкерлер тарапынан қатаң түрде сақталуы;
- мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын көтеру.

Елдегі коррупцияның шарықтауына кері әсерін тудыратын социологиялық сұрақ-жауап, халық бұқарасы арқылы үнемі жүргізіліп отырады.

Қазіргі таңда Финляндияда жылына пара алу қылмысы бойынша үш-төрт адам жауапкершілікке тартылады (пара беру қылмысы бойынша да сонша). Паракорлық қылмыстардың орын алуы жағынан ең жоғарғы көрсеткіш соғыстан кейінгі онжылдықта

және елдегі экономикалық күйзеліске орай 1980-ші жылдары тіркелген. 1945-1954 жылдары пара алғаны үшін 549 адам сотталған болса, 1980-1989 жылдар аралығында 81 қылмыстық іс тіркелген, ал 1990 жылы бар жоғы 38. Бұл көрсеткіштер сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатының оң әсер бергенінің көрсеткіші. Бір қызығы, Финляндияның қылмыстық кодексінде «сыбайлас жемқорлық» сөзі қолданылмайды. Мұның орнына айыппұл мен 4 жылға дейінгі түрмеге қамау түріндегі жазаны көздейтін шенеуніктердің парақорлығы туралы сөз етіледі.

Финляндияда ешқашан арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң жүйесі мен арнайы бақылаушы орган құрылмаған. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтың бір бөлігі ретінде қаралады және барлық заңнамалық нормалар мен басқа да бақылаушы органдар деңгейінде реттеліп отырады.

Антикоррупциялық нормалардың орындалуын қадағалау және оның бұзылуы кезінде шара қолдану іс-әрекеттерін әдеттегі сот және құқық қорғау органдары жүргізеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әділет канцлері мен парламент омбудсмені (мемлекеттік органдар әрекетінің заңдылығын бақылайтын және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын парламенттегі лауазымды адам) маңызды рөл атқарады. Оларды президент тағайындайды және де олар бір-бірінен тікелей тәуелсіз түрде қызмет етеді. Сондай-ақ олар тергеу мен шара қолдануға байланысты барлық құқықтарға ие.

Жоғарғы лауазымды тұлғаларға қарсы айыптауларды қарау үшін арнайы институт — Мемлекеттік сот қызмет істейді. Мемлекеттік сот Конституция ережелеріне сүйенеді және мемлекет Президентіне қарсы айыптауларды да қарайды. Мемлекеттік сотты Жоғарғы соттың президенті басқарады. Сонымен қатар әкімшілік соттың төрағасынан, парламенттің сайлауы бойынша бес депутаттан құралады. Ерекше айта кететін жағдай, сыбайлас жемқорлық фактілері елдегі БАҚ арқылы кең таралады және де бұл Финляндияда азаматтық бақылау құралы ретінде тиімді әрекет етеді. Бұл мемлекетте БАҚ маңызды рөл атқарады, сондай-ақ мемлекеттік билік олармен санасып, олардың қызметіне баса назар аударады.

Финляндия сыбайлас жемқорлықпен күресте халықаралық-нормативтік құралдарды белсенді түрде қолданып, өз заңнамаларын халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкестендіріп отырады. Финляндияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі тәжірибесінің маңызы неде? Сыбайлас жемқорлықпен күресуде арнайы «финдік жүйе» туралы сөз етер болсақ, асыра сілтегендік болар еді. Антикоррупциялық іс-әрекеттер кезіндегі финдік тәжірибенің негізі болып — елдегі коррупцияның етек алуына қарсы іс-шараларды қалыптастыру, оның алдын алу және осындай фактілердің санын азайтудағы мемлекет пен қоғамның бірлескен қызметі.

Әрине, осындай негіздегі іс-әрекеттер мен кешенді шаралар біздің елімізде де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында өз нәтижелерін берері сөзсіз. Алайда, жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып келеді дегенімізбен, осы бір қатерлі дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын көбейе түсуде. 1998 жылдың 2 шілдесінде қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді. Аталмыш заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тосқауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі. Мемлекетіміздегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары өз нәтижесін беру үшін, мемлекет пен ондағы азаматтар, бұқаралық ақпарат құралдары бірлесе қызмет етуі тиіс.

-
- ¹ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 Заңы. Электронды ресурс: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000267_
 - ² Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 27.01.2012 // Электронды ресурс: <http://www.akorda.kz/>
 - ³ Индекс восприятия коррупции Трансперенси Интернэшнл. Электронды ресурс: <http://www.transparency.org/cpi2012/results>